



ОРТА ТАП ОРТА  
ТОЛТЫРА МА?

6-БЕТ | САРАПТАМА



ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМНІҢ  
ҚАУШ ҚАНДАЙ?

8-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ  
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН

САЙЛАУ

№19  
(4452)

Бейсенбі  
16 ақпан  
2023 жыл



# АСТАНА

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## АСТАНА ЖАЙЛЫ ҚАЛАҒА АЙНАЛДЫ МА?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елорданы дамыту мәселелері бойынша кеңес өткізгенде Астананың келбетін мейлінше жақсарту қажеттілігін айтып, қала әкімдігіне бірқатар тапсырмалар жүктеді. Бүгінгі таңда «Астана – жайлы қала» бағдарламасы аясында ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Біз бүгіннен бастап Астана аудандарында жүргізіліп жатқан жұмыстар жайлы баяндаймыз. Бірінші кезекте Алматы ауданын назарға алдық.

### 2030 ЖЫЛЫ 2,5 МИЛЛИОНҒА ЖЕТЕМІЗ БЕ?

Премьер-министрдің орынбасары Алтай Көлгінов 2030 жылы Астана халқының саны 2-2,5 миллионға жетуі мүмкін екенін айтты.

«Бас жоспарға сәйкес квадратура тығыздығының стандарттары бар. Полицентрлік принцип бойынша қаладағы әр ауданда әлеуметтік нысандар болуы керек. Халық санының қарқынды өсуі, жаңа аудандардың ашылуы, көлік санының көбейгені, осының бәрі қаланың Бас жоспарында ескеріледі» деді вице-премьер.

Үкімет басшысы орынба-

сарының айтуынша, қаланың алғашқы Бас жоспарында халықтың саны 800 мың адам болады деп жоспарланса, 2010 жылғы түзетілген құжатта 2030 жылы қалада 1 млн 200 мың адам болады деп жоспарланған. Алайда бұл көрсеткіш 2020 жылы орындалды. Осы жағдайлар ескеріліп, қазір қаланың жаңа Бас жоспары әзірленіп жатыр.



### ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ ЕЛОРДАДА ӨТЕДІ

Биыл көктемде Астанада шахматтан әлем чемпионаты жалауын көтереді.

Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов Халықаралық шахмат федерациясының (FIDE) президенті Аркадий Дворкович бастаған ресми делегациямен кездесу өткізіп, көктемде Астанада өтетін шахматтан әлем чемпионатын ұйымдастыру және басқа да бірнеше маңызды тақырыпты талқылады.

FIDE таңдауы біздің елге кездейсоқ түскен жоқ. Бүгінгі таңда Қазақстанда 255 мыңға жуық адам 7618 секцияда шахматпен жүйелі түрде айналысады. Жаңа оқу жылының басынан 28 мыңға жуық баланы қамтыған 654 мектепте «Шахмат» пәні факультатив ретінде енгізілді.



### КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына қол қойды. Конституциялық заңның мәтіні баспасөзде жарияланды.



### «ЕЛ БІРЛІГІ – ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН»

Мемлекет басшысының еліміздегі моноқалаларды жан-жақты дамытуға бағытталған тапсырмаларына сәйкес Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» ұйымы биыл «Ел бірлігі – Жаңа Қазақстан» жобасын жалғастырады.

Бытыр «Қазақконцерт» жаңадан құрылған Абай, Ұлытау, Жетісу облыстарына, Қызылорда облысына, Павлодар, Қарағанды, Алматы, Петропавл, Көкшетау қалаларында болып, 50 мыңға жуық көрерменге өнерлерін көрсетті. Биыл Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Ақтөбе облыстарының елді мекендеріне гастрольдік сапарлар ұйымдастырады. Жалпы «Ел бірлігі – Жаңа Қазақстан» жобасы аясында 2025 жылға дейін 28 аудан, 29 моноқала, 20 облыс орталығының тұрғындары кезек-кезекмен қамтылатын болады.

















ДҮЙСЕНБІ 20 АҚПАН



6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 «Күй-жеруен»
7:00 «ТАՆШОЛПАН».



05:00 «ҚЫЗЫҚ TIMES»
06:00 «ЖҮЛДЫЗДЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК»
07:00 ТИКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»



06:00 «Әйел тағдыры 3» түрік телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» мультфильм
09:00 «Жылама, ана» түрік телехикаясы



6:00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



07.05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
07.30 «ӘУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ»
09.30 «БЫЛО ДЕЛО» (повтор)



06:00 Әзіл студия
07:00 Ризамын
08:00 What's up?
08:30 Т/сериял «Тайная любовь»



06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:10 Т/х «12 күн»
07:20 Т/х «Көршілер»
08:00 Т/х «Мезгілсіз сезім»



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)

СЕЙСЕНБІ 21 АҚПАН



6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQRARAT
7:00 «ТАՆШОЛПАН».



05:00 «ҚЫЗЫҚ TIMES»
06:00 «ЖҮЛДЫЗДЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК»
07:00 ТИКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»



06.00 «Әйел тағдыры 3» түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» мультфильм
09.00 «Жылама, ана» түрік телехикаясы



6:00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ӘУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ».



06:00 Әзіл студия
07:10 Информбюро (повтор)
08:00 Ризамын
08:30 Т/сериял «Тайная любовь»



06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:10 Т/х «12 күн»
07:20 Т/х «Көршілер»
08:00 Т/х «Мезгілсіз сезім»



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)

СӘРСЕНБІ 22 АҚПАН



6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQRARAT
7:00 «ТАՆШОЛПАН».



05:00 «ҚЫЗЫҚ TIMES»
06:00 «ЖҮЛДЫЗДЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК»
07:00 ТИКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»



06.00 «Әйел тағдыры 3» түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» мультфильм
09.00 «Жылама, ана» түрік телехикаясы



6:00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ӘУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ».



06:00 Әзіл студия
07:10 Информбюро (повтор)
08:00 Ризамын
08:30 Т/сериял «Тайная любовь»



06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:10 Т/х «Әжесінің баласы»
07:20 Т/х «Көршілер»
08:00 Т/х «Мезгілсіз сезім»

21:00 Т/х «Сәке»
21:35 Т/х «Қызыл алма»
22:30 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
23:20 Т/х «Әжесінің баласы»



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.50 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)

БЕЙСЕНБІ 23 АҚПАН



6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQRARAT
7:00 «ТАՆШОЛПАН».



05:00 «Қызық times»
06:00 Жұлдызды жекпе-жек»
07:00 Тикелей эфирде «Оян!»



06.00 «Әйел тағдыры 3» түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» мультфильм
09.00 «Жылама, ана» түрік телехикаясы

ШАҒАР ШЕЖІРЕСІ

ӘУЕЖАЙДА... СОЛ БІР КЕЗ

Ақмолалықтар аэроланды алғаш рет 1930 жылы көрді. Қала үстін бірнеше рет айналып, шеткері тұрған ескі диірменнің маңындағы жазықтыққа келіп қонған ұшаққа бала-шаға, үлкен-кіші тұра жүгіреді.



Сурет аэропы М. Абрамовіч

Оларға қызық! Әуеден жерге қонып тұрған қанатты техниканы тұңғыш көруі. Бірінші болып жеткен балаларға жап-жас ұшқыш жігіт қолын көтеріп, амандасады.

Міне, сол кезден бастап Есілдің жағасындағы осы шағын шағар мен басқа қалалардың арасында әуе қатынасы біртіндеп орнай бастайды. 1934 жылы алғашқы әуежай салынады. Қатынас одан әрі жанданып, пошта мен жеңіл жүк таситын екі кісілік ұшақтар әуежайға қонуын жиілетеді.

Ал 1966 жылы қазіргі әуежай салынып, пайдалануға беріліп, целиноградтықтар үшін халықаралық әуе қатынасына да кеңінен жол ашылады.

Бұл сурет 1986 жылы түсірілген. Алматы қаласына ұшатын рейске жолаушыларды отырғызу сәті.



10

ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА

№19 (4452) 16/02/2023 Бейсенбі



6:00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»




07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ЭУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ»
09.40 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)



06:00 Эзіл студио
07:10 Информбюро (повтор)
08:00 Ризамын
08:30 Т/серіал «Линокио»



06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:10 Т/х «Әкесінің баласы»
07:20 Т/х «Көршілер»



Четверг 23 февраль
07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)


18.55 «РЕВЮ NEWS» (каз.)
19.00 Телехикая «ШЫҒА ШЫҚ» (каз. закл.)
20.00 Шоу «ТАКСИ»

ЖҰМА

24 АҚПАН



6:00 Әнуран
6:05 «Жадыгер»
6:25 AQPAPAT
7:00 «TANSHOLPAN».



05:00 «Қызық times»
06:00 «Жұлдызды жекпе-жек»
07:00 Тикелей эфирде «Ояң!»



06.00 «Кішкентай келін» түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» мультфильм



6:00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ЭУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ»

15.10 «СТАНЬ МОЕЙ ТЕНЬЮ», мелодрама
17.00 «СҮЙГЕН ЖҮРЕК», корей телехикаясы
18.15 «ҚЫЛ ҮСТІНДЕП ТАҒДЫР»



06:00 Эзіл студио
07:00 Информбюро (повтор)
07:50 Ризамын
08:30 Т/серіал «Линокио»



06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:10 Т/х «Әкесінің баласы»
07:10 Т/х «Көршілер»



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)



6:00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ЭУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ»



05:00 «ҚЫЗЫҚ TIMES»
06:00 КОНЦЕРТ.
08:00 «KŌMBE»
08:40 «DARYN»



06.00 «Кішкентай келін» түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» мультфильм



6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:45 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:35 «ПОЕКАЛИ!»



07.05 «МӨССАҒАН»
07.50 «OZAT ОТБАСЫ», ток-шоу
08.40 «КТК» (қайталау)



06:00 Эзіл студио
07:00 Тамаша live
08:00 «Kүлiп ALL»



06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:50 Jaidarman
08:40 Т/п «Алло, бүл кім?»

10:45 Т/п «Реформатор»
11:00 Қ/с «Шахматная королева»
15:00 Т/х «Паленшевертер»



07.00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 «Жұлдызды Weekend» (каз.)
08.50 Эзіл-күлік бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

ЖЕКСЕНБІ

26 АҚПАН



6:00 Әнуран
6:05 «Жадыгер»
6:30 AQPAPAT
7:00 «Kүмiс көмей»



05:00 «Қызық times»
06:00 Концерт. «Қара бала»
07:45 «Әне бақыты»



06.00 «Кішкентай келін» түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» мультфильм



6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:20 «П@УТИНА» бағдарламасы


10:05 «ҚАЙМАҚ»
10:40 «МЕДНОЕ КОЛЕЧКО».
14:10 «НАПАРНИКИ»



07.05 «ЭНДЕР МЕН ЖЫЛДАР»
08.10 «OZAT ОТБАСЫ», ток-шоу



06:00 Эзіл студио
07:00 What's up?
08:00 Тамаша live



06:00 Т/х «Паленшевертер»
08:30 Т/п «Алло, бүл кім?»



06:00 Т/х «Паленшевертер»
08:30 Т/п «Алло, бүл кім?»
09:00 Т/п «Гадалка»



07.00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 «Жұлдызды Weekend» (каз.)

СУРЕТ СЫРЫ



ЖАЗУШЫЛАР – ЕГІН АЛҚАБЫНДА

Социалистік Еңбек Ері, тракторшы неміс қызы Наталья Геллерт кезінде тек Қазақстанға ғана емес, Кеңес Одағы көлеміне де кеңінен танылды.

Қызылорда облысының Қазалы ауданында дүниеге келіп, қазақ жігітіне тұрмысқа шыққан ол Целиноград облысы Қорғалжын ауданының Амангелді совхозында «К-700» темір тұлпарын тізгіндеп, отыз жылға тарта еңбек етті. Өмірін егіс даласымен байланыстырған қаршай қыздың адал еңбектің арқасында абыройы асты, даңқы артты. Кеудесіне «Алтын жұлдыз» қадады. Наталья Владимировнаның Отан алдындағы еңбегі ескеріліп, 1979 жылы алғаш рет Ленин орденін алғанда, оны «Әйел шырағы», «Қазбауыр бұлттар», «Сезім патшалығы», тағы да басқа прозалық кітаптарымен көпшілікке танымал, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Шәрбану Құмарова мен жазушы Мәди Хасенов іздеп барып, құттықтапты. Мәди Хасенов – Көкшетау облысы Зеренді ауданының тумасы. «Алғашқы ән», «Тұлпардың дүбірі», «Қайнар бұлақ» және басқа да көптеген кітабы жарық көрген. Ұзақ жылдар баспасөз саласында жемісті еңбек етті. Қаламы қарымды журналист. Суретте: солдан оңға қарай жазушы Мәди Хасенов, Наталья Геллерт және жазушы Шәрбану Құмарова егіс даласындағы қосын басында. Ғазиза ИСАХАН

Сурет Астана қаласының мемлекеттік архивінен алынды





## ӘСЕРЛІ ӘДЕБИ-САЗДЫ КЕШ

Елорданың №28 мектеп-лицейінде республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында белгілі ақын, ұстаз, филология ғылымдарының кандидаты Оңайгүл Тұржанның шығармашылығына арналған әдеби-сазды кеш өтті. Шараның мақсаты – өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту, балаларды көркем әдебиет оқуға баулу.

Кешке №28 мектеп-лицейінің жоғары сынып оқушылары, Астана қаласы Білім басқармасы жалпы орта білім берудің мазмұны мен әдістеме бөлімінің басшысы Асыл Амангелдіқызы, Астана қаласы Әдістемелік орталықтың басшысы Сынғар Дәуешова, ақын, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері Байғали Ғалымжанұлы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің аға оқытушысы Сейілбек Асанов қатысты.

Мектеп оқушылары Оңайгүл Тұржанның шығармаларын мәнерлеп оқып, көрермендерді дарындылығымен тәнті етті. Сахнаға шыққан оқушылар арасында орыс тілінде білім алып жүрген өзге ұлт өкілдері де болды.

Оқушыларға арнаған сөзінде ақын жастардың талпынысына ризашылығын білдірді. Шәкірттердің мәнерлеп оқу деңгейін жоғары бағалаған Оңайгүл Тұржанқызы: «Сіздер жас болсаңыздар

да, терең ойлы өлең жолдарының мағынасын түсініп оқығандарыңыз бірден байқалды. Өте әсерлі болды. Бұл әркімнің қолынан келе бермейді» деді. Ақынның айтуынша, жастар – біздің ертеңіміз емес, бүгінгіміз. «Жастардың жарқын идеялары, жанаша форматта ойлау қабілеті бізге үлгі» деп қорытындылады ақын.

Мектеп оқушылары өнерде жан-жақтылығын көрсетіп, ән де айтты, би де биледі, күй де шертті. Би тобының көрермендерге арнаған қойылымы да ерекше болды. Кеш қонақтары №28 мектеп-лицей өткізген бұл іс-шара республикалық «Оқуға құштар мектеп» атты жобаның жүзеге асуына үлкен үлес қосқанын атап өтті.

– Шараға қатысып жатқан балаларға ризамын. Өлең жолдарын оқыған балалардың да, көрермен ретінде қатысып отырған балалардың да шынайы ниеті мөлтілдеген көзінен-ақ көрініп тұр. Бұл

– қазақ әдебиетіне, қазақ тіліне деген үлкен құрмет. Баршамыз әдемі, жоғары деңгейде ұйымдастырылған шараның күегері болып отырмыз. Мұндай іс-шара еңбек тәжірибемде соңғы 15 жылда бірінші рет өткізіліп отыр, – деді Астана қаласы Білім басқармасы жалпы орта білім берудің мазмұны мен әдістеме бөлімінің басшысы Асыл Амангелдіқызы.

Әдеби-сазды кешті ұйымдастырып, қазақ тіліне деген құрметті арттыру жұмысына белсенді қатысып жүрген мектептің қазақ тілі сабағынан беретін ұстаздарына ерекше құрмет көрсетілді. Олардың ішінде 20 жылдан астам уақыт бойы ұстаздық етіп жүрген Гүлнәр Баймұратова да бар.

Мектеп басшылығының айтуынша, мектепте қазақ әдебиеті мен өнерін дәріптейтін іс-шаралар тізбегі мұнымен тоқтамай, әлі де жалғасын табады.

**Айсамал ӘБІЛХАН**

## КІТАП СЫЙЛАУҒА ШАҚЫРДЫ

Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі елордадағы Орыс үйімен бірлесіп, Халықаралық кітап сыйлау күніне орай «Махаббатпен кітап сыйлаңдар» апталығын өткізді. Соның аясында қала кітапханаларында әдебиет күндері ұйымдастырылды.

Апталық «Арман» кинотеатрында «Чебурашка» фильмінің көрсетілімімен ашылды. Биыл прокатқа шыққан бұл көркем фильмді қала мектептерінің 200-ден астам оқушысы тамашалады. Қызықты ойындар мен викториналарға қатысты.

– «Махаббатпен кітап сыйлаңдар» апталығын өткізу жыл сайынғы дәстүрімізге айналды. Балаларды кітап оқып, сыйлауға шақыратын бұл шара өскелең ұрпақты рухани байытуға бағытталған. Себебі бала жаста оқыған кітаптар жеткіншектің танымын арттырып, өміріне азық болады, – дейді Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлбадан Мәдібаева.

Апталықтың екінші күні №12 көпшілік кітапханадағы Қазақстан әдебиетіне арналды. Онда оқушылар жазушы Дина Оразбен кездесіп, оның ертегілерін тыңдады. Бұл кітапханада өткен орыс әдебиеті күнінде Александр Пушкиннің ертегілері оқылды. Сондай-ақ «Kemel Club» отбасылық кітап клубының отырысы өтті. Бір күн араб ертегілеріне бөлініп, «Аладдиннің



сықырлы шамы» секілді туындылар тыңдалды.

Орталық балалар-жасөспірімдер кітапханасы бір күнді Беларусь әдебиетіне арнады. Осы елдің Қазақстандағы елшілігінің өкілдері кітапханаға кітаптар сыйлап, сол мемлекеттің қаламгерлері жайлы

әңгімеледі, олардың шығармаларымен таныстырды.

Апталық аясында кез келген оқырман қала кітапханаларына кітап сыйлау мүмкіндігіне ие болды. Жиналған кітаптар қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің қорын толықтырды.



## ДЗЮДО ДОДАСЫ

Астанадағы Жақсылық Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайында жасөспірімдер арасында дзюдодан Қазақстан чемпионаты жалауын көтерді.

– Бұл турнирдің ерекшелігі – жеңімпаздар мен жүлдегерлер Азия және әлем чемпионатына өнер көрсетеуі мүмкіндік алады. Чемпионатқа еліміздің облыстары мен республикалық маңызы бар қалалардан 820 спортшы келді. Чемпионатта 2006-2007 жылы туған жасөспірім дзюдошылар өзара бақ сынады, – деді Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев жарыстың ашылу рәсімінде.

Жарыс барысында Астана дзюдо федерациясының атынан парадзюдодан әлем чемпионы

Ақмарал Науатбектің бапкері Марат Омаровқа арнайы алғыс хат пен ақшалай сыйлық табысталды.

Қазақстан чемпионатының республикалық күні бірнеше салмақтың жүлдегері белгілі болды. Яғни ұлдар 50, 55 келіде, ал қыздар 40, 44, 48 келі салмақта белдесті. Әзірге астаналықтардың қоржынында бір қола медаль бар. 44 келі салмақта сынға түскен Сапаргүл Мұхтарова үшінші орыннан көрінді.

Айта кетейік, жарыс 17 ақпанға дейін жалғасады.

## АСЫҚ АТҚАН ОЗАДЫ

Бас қалада мектептер арасында асық ату мен бес асық ұлттық ойындарынан жарыс өтті. Оған Қазақстанның асық ату федерациясының президенті, еңбек сіңірген жаттықтырушы Жомарт Сабыржанов, Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазиев қатысты.



Астана қаласы әкімдігінің «Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығы ұйымдастырған сайыста жалпы білім беретін мектептердің 477 оқушысы жарысты. Қазіргі кезде ұлттық ойынның бұл түрімен 2000-ға тарта оқушы айналысады.

«Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығының директоры Нұрлан Тәженовтің айтуынша, асық ату мен бес асықтан ұлттық мектеп лигасының жеңімпаздары анықталды. Оған 5-сыныптан 11-сыныпқа дейінгі оқушылар қатысты. Жарыс 30 қаңтарда басталып, 11 ақпанда аяқталды. Жеңімпаздар сәуір мен маусым айында еліміздің әр қаласында өтетін ақтық жарыстарға жолдама алды. Екі ойынды дамытуға әрі дәріптеуге Қазақстанның асық ату федерациясы қолдау көрсетіп жатыр. Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне медаль, диплом, кубоктар тапсырылды.

